Ұлттық руханиятымыздың өзегі болып табылатын ана тілімізді зерттеу мен игерудің өз заманындағы шығыстану мен түркітанудың ең үздік өнегелерінен бастау алған өрелі ғылыми арнаға түсіріп, өз мектебін қалады. Ұлттық оқу-ағарту ісіне тарихи дамуымыздың талабына сәйкес баянды бағдар тауып беруге көмектесті.

Ұлттық санамызға өміршілдік пен ескелеңдіктің, жаңашылдық пен жасампаздықтың рухын сіңіруге күш салды. Әдебиетіміздің арын арласып, мәдениетіміздің жоғын жоқтасты.

Тарихи зердемізді тереңдетіп, көмескілене бастаған кенеміздің жарқырай жаңаруына, ұмытыла бастаған ұлағатымыздың қайтадан үрдіске енуіне аянбай ат салысты. Қысқасы, рухани жасару, жаңғыруды көкसेген қауымымыздың мүдделері жолында майлыққа да, сулыққа да жарап бақты.

Ұялатынымыз: осыншалық жанқияр еңбегіне орай мерейі тасып, беделі аса бастаған қажырлы қайраткер, келелі істің бірінен соң бірін тындырып, игі бастамалардың бірінен соң біріне мұрындық болып жүрген кемел шағында жаттық жазасына ғана ұшырап қана қоймай, жақынның жала-

сына да ұшырап, қырыққа жетпей қыршынынан қиылды. Өйтетіні: ол да талқысы мол тар кезеңде, өкінішімен қоса өкпе-бопсасы, өжеттігімен қоса өштестігі, үмітімен қоса үрейі де өршіп кететін өтпелі кезеңде, қай халықтың болмасын басына мың жылдарда бір оралып соғатын мақсат пен мүмкіндік орайлас кезігетін ауыспалы кезеңде өмір сүрді. Ал азғантай уақытта асқар таудай іс тындырған Құдайберген Жұбановтардай сирек жаратылатын тұлғаларды тірлікке қойғанда, ұлттық рухани өремізді қандай өрелі биікке көтерісе алатынын көзге елестету қиын емес. Бір басында ондаған адамдарды айрықша көзге түсіре алатындай ерекше қабілет пен талант бар, әрі тілші, әрі әдебиетші, әрі өнертанушы, әрі тарихшы, әрі жазушы, әрі суретші, әрі шебер, әрі педагог, әрі ұйымдастырушы, әрі суреткер, әрі сазгер бұл жайсаңды ерте жоғалтқаннан біздің ұлтымыздың ұтылған ұпайын санап шығудың өзі мүмкін емес. Бәрінен де көреалмаушылық пен іштарлықтың марқұмнан қалған қасиетті мұраның өзіне қанжар ала жүгіріп, көбін жойып, жоғалтып, өртеп жібергені өкінішті-ақ. Құдайберген шеккен азап өз ортасынан алға озып кеткені үшін опа таба алмаған ерен ойшылдықтың азабы. Оның тағдыры ет жүрегіңді езілте күйзелтетін күйікті тағдыр. Әсіресе, дәл қазір баршамызды тағы да ойлантып, тағы да тағы толғандатындай тағылымды тағдыр.

Қысқасы, бүгін жағдай қанша қиын болса да, Құдайберген Жұбанов туғып көтерген туған тілімізді мерейлі биігіне жеткізу жолында қолымыздан не келіп, не қоятынын жан-жақты сарапқа салып, салықалы қорытындылар шығарғанымыз дұрыс.

(«Егемен Қазақстан»,
21 мамыр, 1999 жыл)

ТІЛ ТУРАЛЫ
ТОЛҒАНЫС

Кешір бізді, Тіл деп өткен киелім,
Шүлдірлеген ұрпақ үшін күйемін.
Өкініштің жалған жала жабылып
Тозағында кеттің қызыл жүйеңің.
Үрді біреу «ел жауы» деп шошына,
Тіл дегеннің қасиеті осы да.
Туған тілмен қайта келдің ортаға
Тіл дегеннің қасиеті осыда.
Замананың сағымында туған тілден түңілдік,
Іліміңе тосын қарап үңілдік.
Жүрегіміз тілім-тілім құй кешті
Ал содан соң Сізге ғана жүгіндік.
Заңда баптар қайта-қайта бұзылды,
Тамырында қан да қайнап қызынды.
Тіл жайлы сөз кинодағы секілді
Болып алды өкінішке үзінді.
Жер деуменен егілімше бүгінде
Қорғап қалған ата-бабам күнінде.
Ұлылықтың бір өлшемі сәнсеңіз
Шекараның ең бастысы тілімде.
Тіл білмеген жалған тірлік құрысын
Пендесің, онда өзгенің құлысың.
Керек болса жүрегіңді отқа тос
Ей, ағайың,
Құдайберген Жұбановтың тілі үшін!

Жақсылық АЙЖАНОВ
(Ақтөбе)

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПҚА АРНАЛҒАН БАСҚОСУ

ЖАҚЫНДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ РӨЛІ: ҚҰЗІРЕТТІ МАМАН – ХХІ ҒАСЫР МЕКТЕБІ» АТТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР ӨТТІ.

Семинарды кіріспе сөзбен педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жанна Жусупова ашты. Ол кәсіби маман болып қалыптасу үшін студенттер үшін теориямен қатар, практиканың маңыздылығы ете зор екенін айта келе, аталмыш шараға қатысуға келген мектеп мұғалімдерін таныстырып етті. Келесі сөз кезегін алған оқу-әдістемелік бөлім әдіскері Римма Батырқызы семинар тақырыбының өзектілігін алға тартып, жиынға қатысушылардың жұмысына сәттілік тіледі.

Ең алғаш болып баяндамасын кафедраның аға оқытушысы А.Б.Наренова жасады. Ол «Болашақ педагог мамандарды кәсіби қалыптастыруда педагогикалық практиканың мәні» тақырыбында жазған баяндамасын жиналғандар назарына

ұсынып, студенттер емірінде алатын практиканың оның кәсіби біліктілігін арттыруда үлкен маңызға ие екендігін алға тартты. Педагогика ғылымдарының кандидаты М.Б.Утепов ғылыми жұмысында кәсіби-білікті студенттерді дайындауда теориялық білім мен практикалық білімді ұштастыра білуді сөз етті. Сонымен бірге семинар барысында аға оқытушы Б.Ертлеуова шәкірті биология мамандығының 4 курс студенті А.Сухановамен бірге «Кәсіптік практика барысында психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесінен» тақырыбында баяндама жасаса, аға оқытушы Г.Баймаханова, биология мамандығының 4 курс студенті Ж.Жүгінісовамен бірге «Тәрбие жұмыстарын (класс сағаттары мен кластан тыс іс-шараларды) ұйымдастыру тәжірибесі» тақырыбында жазған жазба жұмысын кепшіліктің талқылауына салды.

Сондай-ақ, семинарға келген мектеп мұғалімдері де зерттеу жұмыстарын ортаға салып, өзара тәжірибе алмасты. № 51 гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Қарағұлова педагогикалық практиканы ұйымдастырудағы мектептің роліне тоқталса, №33 мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары М.Абылшиева мен мектептің физика-математика пәнінің мұғалімі А.Жүгінісова кәсіби дамудағы жас маманның рөлін талдап берді.

Аталмыш шара негізінде университетімізбен мектеп мұғалімдері тақырып төңірегіндегі ойларын, ұсыныстарын



ортаға салып, кәсіби біліктерін тағы бір сатыға көтерді. Мұндай семинардың оқытушылар мен мұғалімдер үшін білімін жетілдіріп, оқу әдістемесінде жаңа бағытқа бет бұруы үшін

маңыздылығы ете зор. Шара соңында семинарға қатысқандарға арнайы сертификат табыс етілді.

Жадыра АРЕН



ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ

2016 жылдың 11ақпаны күні тарих факультеті ғимаратында Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» тақырыбындағы тарихи кеш өткізілді. Кеш шымылдығы Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды және тарих факультеті деканы С.А.Ескалиевтің кіріспе сөзімен басталды.

Тарихи шараның аясында тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.А.Бекназаров, тарих магистрі Б.Б.Байшов өздерінің тәуелсіздік және Қазақстан Республикасының жетістіктері, жастар мәселелеріне арналған баяндамаларын оқыды. Аталған шараға тарих факультетінің барлық профессор-оқытушылар құрамы, университетіміздің тәрбие орталығының директоры Ә.Қаратаев және 150-ге жуық студенттер қауымы қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Шара барысында ұлтымыздың ұллылығын танытатын қазақ күйлері мен билері орындалып, аңсаған тәуелсіздікті сыйлаған аға буынымыз, сонау сұрапыл желтоқсан оқиғасында ерлікпен жазықсыз қаза тапқан Қ.Рысқұлбековке арналған көрініс қойылды. Тақырып бойынша деректі фильм және слайдтар көрсетілді. Патриоттық сипаттағы әндер барша залды үлкен рухқа және еліне деген мақтанш сезімге бөлді.

Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,
тарих және аймақтану кафедрасының оқытушысы



«Кемал» театр студиясы жуырда жұмысын бастайды



Өнер деген киелі ұғым. Жаратушы бойына дарытқан асыл қасиетті ел игілігіне, елдің рухани байлығына арнайтын жанның өркез халықтың ыстық ықыласына бөленетіні рас. Себебі дарын, талант деген кез келген адамның бойына біте бермейтін дара қасиет.

«Булақ көрсең көзін аш» дейді халық даналығы. Осындай дарын, талант бойында жасырылып жатқан жастарымыз қаншама?!

Университетімізде құрылғалы жатқан «Кемал» театр студиясының көздеген негізгі мақсаты да осы - өнерлі жастарды бауырына алып, қанатын қатайтып, өнер деген үлкен киелі сахнаға жолдама беру. Осы театр студиясының жетекшісі, Т. Ахтанов атындағы драма театрдың режиссері Елтай Кемалдан реті келгенде жас театр жайлы кеңінен ақпарат алу мақсатында сұхбаттасқан едік.

- Алдымен театрдың құрылуына тоқталып өтсеңіз?

- Біз мұны «театрдың құрылуы» деп нақты айта алмаймыз. Себебі театр болып құрылу үшін театрдың базасы болу керек. Біздің облысымыздағы Т.Ахтанов атындағы драма театрының өзінде кадрлар жетіспей жататыны жасырын емес. Алматы, Астана қалаларындағы өнер университеттерін бітіріп келетін студенттер аз. Бұл тек актерларға байланысты. Ал театр құрамында одан да басқа қаншама мамандар жұмыс жасайды. Мысалы, суретші, театрлық хореограф деген секілді.

Біз «театр» деп атау бергенімізбен, негізінен бұл - студия. Осы студияны ашу идеясы бірнеше жыл бұрын қолға алынып тәжірибеден өтті. Университет ректоры Кенжеғали Кенжебаевтың қолдауымен осында өнер бөлімі ашылып, онда өнер саласында жүрген танымал жандар студенттерге дәріс беріп, жастардың дипломға байланысты спектаклін Ақтебе жұртшылығы назарына ұсынған өдік. Драматург Қанат Жүсіповтың «Ғашықтар хикаясы» деген студенттер тақырыбына арналған қойылымын біз тәрбиелеген шәкірттер көпшілік алдында орындап, көрерменнің оң бағасын алды. Бірақ содан кейін осы бастама шамалы уақыт

тоқтаңқырап қалды да, соны қайтадан қолға алып жатырмыз. Ректор Кенжеғали Кенжебаев театр студиясын ашу туралы ойымды қолдап, соны жүзеге асыруда қолдау танытып, мүмкіндік беріп отыр. Және мәдени-шығармашылық бөлімінің басшысы Динара Абиқешевамен бірлесіп, екеуіміз қолға алып жатқан бұл жоба десек те болады. Бастама-сы жаман емес, бәрі уақыт еншісінде.

- Студияның негізгі бағыты қандай?

- Театр-синтездік өнер. Әдебиет, хореография, вокалсуретші деген сияқты әрбір өнердің жиынтығы болғандықтан барлығын қамтиды. Жақында театр өнеріне қызығатын, талантты балалар арасында кастинг өткіздік. Университеттегі барлық факультеттен де қызығушылық танытқан студенттер қатысты.

Театр әртүрлі жанға бөлінеді. Драма театр, музыкалық балет, Европаның тілімен айтатын болсақ мюзикл дейді, әртүрлі. Біздің студияға қабылданып жатқан балалардың білімі кәсіби емес болғандықтан драма жанрын қосқымыз келмеді. Қазір олармен хореограф жұмыс жасап жатыр, бұйырса вокал жұмыс жасаймыз деп отыр. Сөйтіп бірлесіп, осы театр қоятын спектакльдерді хореографиялық, музыкалық, әдеби композициялық бағытта жасағымыз келеді.

- Кастингке қанша студент қатысты?

- Жарнаманы тек университет көлемінде жасағанның өзінде 70-80-ге жуық студент қатысты. Жастардың өнерге деген құлшынысы өте жоғары екен. Дегенмен олардың барлығын қабылдай алмайтынымыз өкінішті. Қазір солардың ішінен тек 30 шақты ең талантты деген балдарды іріктеп алдық. Кастингтен өткізгенімізбен олармен ары қарай тағы да жұмыс жасап көреміз. Олардың іштерінде тек қызығушылықпен келіп қалғандары болуы да мүмкін. Біз актерлық бөлім болмағандықтан оларға қатаң талап қоя алмаймыз. Кастингті кеш естіп артынан келіп жатқан балалар да бар. Әрқайсысының өнеріне, талантына қарап іріктеп алып жатырмыз.

-Кастингке қатысқан жастар көңілеріңізден шықты ма?

- Әрине шықты. Тіпті ішкі дүниесі кәсіби көзқарастағы, өте талантты балалар да болды. Енді біз шәкірттерімізге теориялық сабақпен бірге практиканы ұштастыра білуді үйретуіміз керек. Себебі спектакльдің өзі теориялық және практикалық тұрғыда қызмет атқарады ғой. Біз екі бірдей бағытты тең ұстанамыз.

- Алдағы жоспарларыңызбен бөлісіп кетсеңіз?

- Біздің театр өзін ұйымдастырылу үстінде. Бұйырса мамыр айында ашамыз ба деген жоспарымыз бар. Бұл театрға мен «Кемал» театр студиясы деп өзіннің тегімді беріп отырмын. Неге десеңіз өзіннің жеке көзқарасым, жеке бағытымды осы балалар арқылы театр студиясында дайындалған спектакльдермен облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде өтетін экспериментальдық және зертханалық театр фестивальдеріне қатысу арқылы жүзеге асырғым келеді. Алда бәрін болашақ көрсетеді.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан: Жадыра АРЕН

Мұқағали Мақатаевқа 85 жыл



МӘҢГІ ӨЛМЕС ЖЫРЫМЕНЕН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН...

Осындай тақырыпта қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдығына орай жаратылыстану факультетінің «Сөргін-2050» гранты бойынша оқуға түскен студенттерінің ұйымдастыруымен әдеби-сазды кеш өтті. Ғдеби кештің мақсаты қазақ поэзиясының мұзбалағы атаң ақынның өмірі, шығармашылығымен жастарды кеңінен таныстыра отырып, ақын өлеңдері арқылы поэзияның құдіретін жас буынның бойына сіңіріп, патриоттық сезімге баулуға арналды.

Кеш өте ғсерлі басталды. Ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді көрініс қойылып, рольдерде ойнаған студенттердің шеберлігі барша көрерменді жүрек толқытар құйға бөледі.

Кіріспе сөз алған жаратылыстану факультетінің деканы Задагүл Султамұратова: «Ақиық ақынның жырлары көз көлген жанның жастың да, крнінің де жүрегінен орын алатынын баршамыз жақсы білеміз. Мені Мұқағалиды «Поэзия патшасына» теңер едім. Оның жүректен жазған өлеңдері, туындылары біздің жүрегімізге жетіп, жанымызды емдейді, қайсыбірін оқысақта ерекше сезіммен ынтызарлыққа толы тұңғыққа тереңдеп барып әділдік пен мөлдірлік үндеседі», - дей келе, шараны ұйымдастырған студенттерге алғысын білдіріп, сттгілік тіледі.

Шара студенттер мғнерлеп оқыған ақын ағаның өлеңдерімен, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған ғндермен жалғасты. Ақын өмірінен бейнебаян да көрсетілді.

P.S. Біз қазақ поэзиясында Мұқағалиды орны ерекше ақын деп білеміз. Солай деп танып, мойындаймыз. Сонымен қоса Мұқағали Мақатаевқа деген шексіз құрметімізді оның өлеңдерін жаттап, өзіне арнау жазу арқылы білдіреміз. Себебі қазақ поэзиясының алтын парақтарын толықтырған қаламгерге қандай құрмет көрсетілсе де лайық. Сондықтан еңбектері мен естеліктеріне, есіміне құрмет көрсетіп, ақынның аманатын ардақтау біздерге, яғни, жастарға - парыз.

Поэзия патшалығында қанатын кеңге жайып, өмірін өлеңмен өрбіткен сөз зергерін ұрпағы осылай еске алады. Ақынның санаға жарық сәулә түсіретін жырлары жұртшылық жадында мәңгі жасай бермек.

Перизат Кенғаң,
жаратылыстану факультетінің
1 курс студенті

КӨКТЕМ ДЕ КЕЛЕР

Мұқағали Мақатаев

Кеп көшікпей кектем де келер енді,
Көгертін тіршілік кегереді.
Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,
Келер кектем, білмеймін, не береді?
Кеп көшікпей кектем де келер енді,
Көгереді ауылдың төңірегі.
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,
Келер кектем, білмеймін, не береді?
Кеп көшікпей кектем де келер енді,
Барлық нұрын көл-көсір тегер енді.
Сағынышын сарыққаң жапа-жалғыз,
Менің жесір жеңгеме не береді?
Көгереді...

Барлығы көгереді:

Ой да, қыр да, даланың төбелері.
Әлі құрып баратқан ауру досқа,
Осы кектем, білмеймін, не береді?
Кеп көшікпей кектем де келіп қалар,
Есінетіп, есіртіп, ерікті алар.
Азан-қазан аспанның қоңырауы,
Жақсылықтан тұрса игі беріп хабар...

БІЗДІҢ КӨКТЕМ

Мұқағали Мақатаев

Кектем көлді ауылға, мамырлап бұлт,
Таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт.
Кектем көлді. Өмірдің көлешегі -
Кекпен бірге дүркіреп тел өседі.
Сағым қыздың ап қашып орамалын,
Асыр сап төтек жігіт - жел өседі.
Кектем келіп ауылға қыз көрікті,
Таң-тамаша дүние жүзге өніпті.
Асқар ала таулардан асып әрі,
Аяз атаң барады мұз бөрікті.
Кектем, кектем! Қыз - кектем ауылдағы
Өлең-жыр, әзіл-күлкі ауыл маңы.
Тиянақ таппай ұшқан кек кебелек,
Кек гүлге қонды-дағы дамылдады...

АДАСҚАН ШАҒАЛА

Мұқағали Мақатаев

Жаным-ау, қайдан жүрсің, ақ шағала,
Көлсең көл бұл өлкені жат-санама.
От-суы мол осынау байтақ алқап,
Сая болған батырға, патшаға да.
Қылша мойын жаным-ау, қылыш қанат.
Қимай мені көлдің бе туыс санап?
Ақ ниетпен көлдің ғой қалайдағы,
Шашсам ба екен күн нұрын уыстап ап.
Айдыным жоқ төсімен шимайлаған,
Аялайды, өлділеп мидай далам.
Толқынға қонақтаған өрке-тотай,
Толқынсыз қара суға қимай барам.
Кім екен саған өткен зорлық, қысым,
Адасқан Атыраудан зарлықпысың?
Көлшігім, бұлақтарым - бәрі саған
Адасқан Отанынан зарлық құсым.
Қонбасыңды білемін қыр басына,
Толқының жоқ жаныңмен сырласуға.
Бәрі де табылар-ау бұл өмірден,
Тек Отаның жетпесті бір басына...

НЕНІ АҢСАЙМЫН

Мұқағали Мақатаев

Нені аңсаймын?..
Туған өлке, туған жұрт, сені аңсаймын,
Неге аңсаймын, білмеймін, неге аңсаймын
Ұл де, мейлің, адасқан құл де, мейлің,
Сені аңсаймын, туған ел онан сайын!
Қуат берген дөмің мен тұзың маған,
Қаймағыңды аңсаймын бұзылмаған.
Гүлін сүйем, шалғынның бүрін сүйем,
Үнін сүйем масаңның ызыңдаған.
Сені аңсаймын, қайнаған ақ бастаулар,
Ақ бас таулар - самайын ақ басқандар.
Сені аңсаймын, қазіргі ақ бас шалдар,
Бұрынғы өреден құрт ап қашқандар,
Су көшіп, жалаң аяқ от басқандар!



ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРІ ӨТТІ



Жуырда физика – математика факультетінде университетіміздің белді пікірсайыс клубы «Заман біздікі» интеллектуалды-элитар одағының ұйымдастыруымен «Нағыз алыптар айқасы» атты қызықты да тартысты турнир өтті. Бұл турнирдің мақсаты - біліктілігі жоғары аға буын өкілдері мен жаңа ғана қанат жайып келе жатқан жас буын өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, жастардың пікірсайысқа деген қызығушылығын арттыруға арналды.

Пікірсайыс барысында «Әлеуметтік желіден лайк жүйесін алып тастайды» және «Қазақ жастарының өлеуетіне баға береді» тақырыптары жастар арасында қызу талқыға түсті. Нәтижесінде ойын анық жеткізіп, өзгелерді сөзіне сендіре білген Асылжан Бүркіталин мен Куаныш Байтенов бірінші орынды иеленсе, шебер ойынымен кезге түскен Асқар Зулқашев пен Бақытгүл Ұзақбаева екінші орынды алды. Ал үшінші орынды Гүлтұрсын Смайлова мен Еркеназ Сансызбай еншіледі.

«Заман біздікі» ИЭО-ның президенті Мейрамбек Күртебаев және координаторы Гүлім Жұмалинаға пікірсайысшылар ойын соңында алғыстарын жеткізді. Бұл турнир пікірсайыс алаңында өткен үздік ойындардың бірі болды.

Айжүніс НҮРПЕЙІСОВА,
«Заман біздікі» ИЭО-ның мүшесі

ПУТЕВКА В ВЫСШУЮ ЛИГУ

С 24 ЯНВАРЯ ПО 1 ФЕВРАЛЯ 2016 ГОДА В ГОРОДЕ АСТАНЕ, ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ СОЮЗА КВН КАЗАХСТАНА, ПРОШЕЛ ФЕСТИВАЛЬ КВН «МАУСЫ-МАШАР – 2016».

На фестиваль приехали участвовать 170 команд со всех областей республики. От лица нашего университета приняли участие 2 команды - «Фемида» и «Филландия». По итогам фестиваля команда КВН «Филландия» завоевала путевку в Центральную лигу, а гордость университета последних лет, команда «Фемида», выиграла путевку в Республиканскую высшую лигу КВН.

Руслан АРТЫКБАЕВ



ЧТО ТАКОЕ ГРИПП И КАКОВА ЕГО ОПАСНОСТЬ?

Грипп - это инфекционное заболевание, заболеть которым может любой человек. Возбудителем гриппа является вирус, который от инфицированных людей попадает в носоглотку окружающих. Большинство людей болеют гриппом всего лишь несколько дней, но некоторые заболевают серьезнее, возможно тяжелое течение болезни, вплоть до смертельных исходов.

ОСЛОЖНЕНИЯ

При гриппе обостряются имеющиеся хронические заболевания, кроме этого, грипп имеет обширный список возможных осложнений:

- Лёгочные осложнения (пневмония, бронхит). Именно пневмония является причиной большинства смертельных исходов от гриппа.
- Осложнения со стороны верхних дыхательных путей и ЛОР-органов (отит, синусит, ринит, трахеит).
- Осложнения со стороны сердечно-сосудистой системы (миокардит, перикардит).
- Осложнения со стороны нервной системы (менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, невралгии, полирадикулоневриты).

Чтобы избежать возможных осложнений, важно своевременно проводить профилактику гриппа и правильно лечить само заболевание.

СИМПТОМЫ ГРИППА

Обычно грипп начинается внезапно. Среди симптомов гриппа - жар, температура 37,5 - 39 °С, головная боль, боль в мышцах, суставах, озноб, усталость, кашель, насморк или заложенный нос, боль и першение в горле.

ЧТО ДЕЛАТЬ ПРИ ЗАБОЛЕВАНИИ ГРИППОМ?

Самому пациенту при первых симптомах нужно остаться дома, чтобы не только не заразить окружающих, но и вовремя заняться лечением, для чего необходимо немедленно обратиться к врачу. Для предупреждения дальнейшего распространения инфекции заболевшего нужно изолировать от здоровых лиц, желательно выделить отдельную комнату.

При гриппе крайне важно соблюдать постельный режим, так как при заболевании увеличивается нагрузка на сердечно-сосудистую, иммунную и другие системы организма.

Самолечение при гриппе недопустимо, и именно врач должен поставить диагноз и назначить необходимое лечение.



ние, соответствующее состоянию и возрасту пациента.

Для правильного лечения необходимо строго выполнять все рекомендации лечащего врача и своевременно принимать лекарства. Кроме этого, рекомендуется обильное питье - это может быть горячий чай, клюквенный или брусничный морс, щелочные минеральные воды. Пить нужно чаще и как можно больше.

ВАЖНО!

При температуре 38 - 39°С вызовите участкового врача на дом либо бригаду «скорой помощи».

При кашле и чихании больной должен прикрывать рот и нос платком или салфеткой.

Помещение, где находится больной, необходимо регулярно проветривать и как можно чаще проводить там влажную уборку. Общение с заболевшим гриппом следует ограничить, а при уходе за ним использовать медицинскую маску или марлевую повязку.

КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ ОТ ГРИППА?

Согласно позиции Всемирной организации здравоохранения, наиболее эффективным средством против гриппа является вакцинация, ведь именно вакцина обеспечивает защиту от тех видов вируса гриппа, которые являются наиболее актуальными в данном эпидемиологическом сезоне и входят в её состав.

Введение в организм вакцины не может вызвать заболевание, но путём выработки защитных антител стимулирует иммунную систему для борьбы с инфекцией. Эффективность вакцины от гриппа несравнимо выше всех неспецифических медицинских препаратов, которые можно принимать в течение зимних месяцев, например иммуномодуляторов, вита-

минов, гомеопатических средств, средств народной медицины и так далее.

Вакцинация рекомендуется всем группам населения, но особенно показана детям начиная с 6 месяцев, людям, страдающим хроническими заболеваниями, беременным женщинам, а также лицам из групп профессионального риска - медицинским работникам, учителям, студентам, работникам сферы обслуживания и транспорта.

Вакцинация должна проводиться за 2-3 недели до начала роста заболеваемости, делать прививку можно только в медицинском учреждении специально обученным медицинским персоналом, при этом перед вакцинацией обязателен осмотр врача.

Противопоказаний к вакцинации от гриппа немного. Прививку против гриппа нельзя делать при острых лихорадочных состояниях, в период обострения хронических заболеваний, при повышенной чувствительности организма к яичному белку (если он входит в состав вакцины).

ПРАВИЛА ПРОФИЛАКТИКИ ГРИППА:

- Сделайте прививку против гриппа до начала эпидемического сезона.
- Сократите время пребывания в местах массовых скопления людей и общественном транспорте.
- Пользуйтесь маской в местах скопления людей.
- Избегайте тесных контактов с людьми, которые имеют признаки заболевания, например чихают или кашляют.
- Регулярно тщательно мойте руки с мылом, особенно после улицы и общественного транспорта.
- Промывайте полость носа, особенно после улицы и общественного транспорта.
- Регулярно проветривайте помещение, в котором находитесь.
- Регулярно делайте влажную уборку в помещении, в котором находитесь.
- Увлажняйте воздух в помещении, в котором находитесь.
- Ешьте как можно больше продуктов, содержащих витамин С (лимон и др.).
- Ешьте как можно больше блюд с добавлением чеснока и лука.
- По рекомендации врача используйте препараты и средства, повышающие иммунитет.
- В случае появления заболевших гриппом в семье или рабочем коллективе - начинайте приём противовирусных препаратов с профилактической целью (по согласованию с врачом с учётом противопоказаний и согласно инструкции по применению препарата).
- Ведите здоровый образ жизни, высыпайтесь, сбалансированно питайтесь и регулярно занимайтесь физкультурой.

Роза УТЕМИСОВА,

врач-терапевт поликлиники АРГУ им. К.Жубанова

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
Министрлігі Ақпарат және
Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын
және ақпарат агенттіктерін
есепке алу туралы 2014 жылғы
12 ақпанда тіркеліп
№14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арн Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбаганбетов О.
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арн Ж.С.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»
баспаханасында (Ақтебе
қаласы, Смағұлов кешесі,
9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №21.
Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтебе қаласы, Ө.
Молдағұлова кешесі 34 ұй. 2-қабат,
200 ° белме. Келемі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп
түскен қолжазбалар мен фото-
суреттер қайтарылмайды.